

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№45 жалпы
білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің
№3 хаттамасы**

01 сәуір 2024 ж.

Ақтөбе қаласы

Қатысқандар саны - 25 адам

Шақырылғандар: -11 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ

1.«№45 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ директоры А.Қ.Ешмағамбетованың мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Куркембаев Б- қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, №45 ЖББ орта мектеп 2024 жылдың 01 наурыз – 29 наурыз аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры А.Қ.Ешмағамбетоваға берді.

СӨЙЛЕУШІ:

А.Қ.Ешмағамбетова: /өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры/

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 1 және 2 параграфтарына сәйкес №45 жалпы білім беретін орта мектептің өткізілген №4 кезектен тыс педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 01 наурыз – 29 наурыз аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелеріне тапсырмалар бөлініп берілді.

Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына 32 балл **«жақсы»** деген баға берілді. *(слайдпен бағалау парағы көрсетілді)*. Алдағы уақытта мектепте мектепалды даярлық сыныптары ашылған жағдайда, жоғары білімді мамандар алынуы тиістігін назарда ұстаған жөн.

Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін

жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды.

Мектеп педагогтары мен 4-9 сынып білім алушыларының ата-аналарынан дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, орта мектеп білім беру қызметтерін көрсету сапасына 62 балл «үлгілі» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Куркембаев Б.А. мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, мектепте жаңа парталарды, соңғы үлгідегі сенсорлық тақталарды, дене шынықтыру сабағына қажетті құралдарды көбейту қажеттігін айтты.





Мектеп директоры А.Қ.Ешмағамбетова айтылған ескертулер бойынша қазіргі таңда 2023-2024 оқу жылында 1 сенсорлық жылжымалы тақта, бастауыш сынып оқушыларына арналған 60 парта, 5 мұғалім үстелі, 5 жұмсақ үстел, 20 дана балалар шкафтары алынды. Алдағы уақытта да мектепті тиісті заттармен қамтамасыз ету жалғаса беретін болады.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. №45 жалпы білім беретін орта мектептің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:  Куркембаев Базарбай Ахметұлы
Хатшы:  Мендигалиева Динара

Кеңес мүшелері:  Шектібаева Күланда
 Буркитова Айым
 Берденова Венера
 Сагидуллина Перизат
 Боранкулова Айгерим
 Сатиева Жанна
 Кушекова Зарина
 Ғалым Нұрмұхаммед
 Джалмағамбетова Дәмегүл
 Буркитова Айым
 Асауова Асемгул
 Жанкина Нургуль